



«АНА» ДЕП КӨРКЕМ ЖЫР ТӨККЕН, АРМЫСЫЗ, АРУ, НҰР КӨКТЕМ!



Коллаж авторы: Г.ЖАНСУЛТАН

**НАУРЫЗ -
Халықаралық әйелдер күні!**

АРДАҚТЫ АНАЛАР, АЯУЛЫ АСЫЛ ЖАНДАР!

Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке – көктемнің шуағымен бірге келетін мейірім мен ізгіліктің, сұлулық пен парасаттың мейрамы.

Әйел – тіршілік бастауы, отбасының ұйытқысы, ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы.

Сіздер қоғам өмірінде де белсенділік танытып, қай салада еңбек етсеңіздер де жауапкершілік пен кәсібиліктің үлгісін көрсетіп келесіздер.

Бүгінде ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлестерін қосып жүрген нәзік жандар аз емес. Сіздер тек қызметте табысқа жетіп қана қоймай, шаңырақтың шуағын кіргізіп, ұрпаққа өнеге болып отырған ардақты аналарсыздар. Сондықтан да мұнайлы мекеніміздің өсіп-өркендеуіне бағытталған бастамалар мен игі істерде сіздердің еңбектеріңіз орасан зор.

ҚҰРМЕТТІ ХАНЫМДАР!

Осы жарқын мереке күні сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, шаңырақтарыңызға шаттық пен береке тілеймін!

Көктемнің көркем мейрамы әр үйге қуаныш әкелсін!

Құрметпен,
Азамат МӘМБЕТОВ,
аудан әкімі

ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

Ә.ҚАСЫМ

СУ ТАСҚЫНЫ ҚАУПІНЕ ҚАРСЫ ДАЙЫНДЫҚ: “КӨКТЕМ-2026”

Аудан әкімінің орынбасары Бекбол Әбуовтің қатысуымен көктемгі кезеңдегі төтенше жағдайларды жою және басқа да шұғыл жұмыстарды дайындау мақсатында «Көктем – 2026» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығу жиыны өтті.

Алдымен 82/2 көп қабатты тұрғын үйдің автокөлік тұрақ алаңында аудандық азаматтық қорғау қызметінің жауапты қызметкерлері, сондай-ақ ауданның тіршілігін қамтамасыз ететін коммуналдық кәсіпорындардың күш-құралдар мен техникалардың әзірлігін тексеру мақсатында саптық тұрғызу ұйымдастырылды.

Саптық жиын барысында ал-

дымен аудан әкімінің орынбасары Бекбол Әбуов азаматтық қорғау қызметтерінің басшылары мен ауылдық округ әкімдерінің төтенше жағдайларды жоюға күштерімен құралдардың дайындығының жай-күйін тындап, жедел әрекет ету жасағының дайындық деңгейін бақылады.

Оған 32 мекеме, 175-ке жуық қызметкер, 42 әртүрлі техника

жұмылдырылды.

Атап айтқанда, аудан бойынша 15 дана мотопомпа, 500 дана күрек, 50000 дана қап, 12 дана генератор, 1 дана спутникалық байланыс телефоны, 27 әртүрлі құрал-жабдықтар, инертті материал 15 тонна құм, 3800 тонна жанар-жағармай, 13 тонна әртүрлі азық-түлік қоры нақтыланды.

Саптық жиыннан соң көктем мезгілінде туындайтын төтенше жағдайлар кезіндегі өзара іс-қимылдар жүйесі пысықтады.

Суретті түсірген Б.СЕРІК



*Баспасөз – 2026



«Мақат тынысына» 2026 жылға жазылу жалғаса береді

«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАФАСЫ

Жеке тұлғаға	Заңды тұлғаға
6 айға - 2272 теңге 66 ТЫН	6 айға - 3993 теңге 60 ТЫН
8 айға - 3030 теңге 21 ТЫН	8 айға - 5324 теңге 08 ТЫН

Газет индексі:
жеке тұлғалар үшін –
65574,
заңды тұлғалар үшін –
15574

Құрметті оқырман!

Өзіңізге қажетті мәліметті "Мақат тынысынан" ғана аласыз. "Мақат тынысы" Сіздің сенімді серігіңіз болуға дайын! Бір рет жазылып, жыл бойы рухани азық алып тұрыңыз!

«АТЫРАУ ОБЛЫСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «МАҚАТ АУДАҢДЫҚ АУРУХАНАСЫ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ ЛАУАЗЫМЫНА КОНКУРС ЖАРИЯЛАНАДЫ.

Конкурсқа қатысушы үміткер кандидатуралар төмендегідей құжаттарды аудандық ауруханаға тапсыруы қажет:

- Фото 1 шт. 3х4
- Жеке куәлік (көшірмесі)
- Диплом, интернаттура бітіргені туралы куәлік (көшірме)
- Маман сертификаты (көшірме)
- Соттылығы туралы анықтама,
- Наркология және психдиспансерде есепте тұрмайтындығы жөнінде анықтама.
- Медициналық анықтама + сан.книжка
- Жеке іс парағы
- Автобиография
- Әскери билет немесе есепке алу кітапшасы
- 40 беттік файлды мұқаба.

Үміткерлердің құжаттары осы хабарлама жарияланған күннен бастап және 2026 жылғы 6 сәуір сағат 18:00-ге дейін: Атырау облысы, Мақат ауданы, Мақат кенті, Егемен 27 үй, 2 қатар, № 86 бөлме, мекен-жайы бойынша қабылданады.

Конкурс бойынша толығырақ мәлімет алу үшін: 8/71239/3-10-98 телефоны арқылы хабарласуға болады.

Лауазымдық міндеттері:

Денсаулық сақтау ұйымының өндірістік, қаржы-шаруашылық қызметіне басшылық жасайды, қабылданатын басқарушылық шешімдерге, ұйым мүлкінің сақталуы мен тиімді пайдаланылуына, сондай-ақ қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне жауапты болады.

Ұйым қызметінің саясатын, стратегиясын және оны іске асыру тетігін айқындайды. Көрсетілетін диагностикалық, емдеу және профилактикалық көмектің тиімділігі мен сапасын одан әрі арттыруға, көрсетілетін қызметтердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған персонал жұмысының жаңа ұйымдастырушылық нысандар мен әдістерін енгізуді және қолданыстағыларын жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді, олардың іс-қимылдарын көрсетілетін медициналық қызметтерді дамытуға және жетілдіруге бағыттайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуына және өз тарапынан және оған бағынышты тұлғалардан сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу бойынша шаралар қабылдауға дербес жауапты болады.

Үйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімі мен тәжірибесін ұтымды пайдалану, өмір мен денсаулық үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, ұжымда қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру жөнінде шаралар қабылдайды. Ұйым қызметін талдау және оның жұмысының көрсеткіштерін бағалау негізінде ұйым жұмысының нысандары мен әдістерін жақсарту бойынша қажетті шараларды қабылдайды. Әлеуметтік әріптестік қағидаттары негізінде ұжымдық шартты өзірлеуді, жасасуды және орындауды, еңбек тәртібін сақтауды қамтамасыз етеді, қызметкерлердің еңбек уәждемесін, бастамасы мен белсенділігін дамытуға ықпал етеді.

Санитариялық-эпидемиологиялық жағдайларды зерделеу және бағалау жөніндегі жұмысты үйлестіреді, адам денсаулығына қолайсыз әсер етуді басым факторларын айқындайды. Санитариялық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту бойынша пәрменді шаралар қабылдайды. Гигиеналық және эпидемиология қарсы іс-шаралардың жүргізілуін, санитариялық ережелер мен нормалар мен гигиеналық нормативтердің сақталуын жедел және зертханалық-аспаптық бақылауды және қадағалауды ұйымдастырады.

Ұйым қызметінде, оның ішінде қаржы-шаруашылық басқару, шарттық және қаржылық тәртіпті нығайту, әлеуметтік-еңбек қатынастарын

реттеу мәселелерінде медициналық этика, заңдылық талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдауды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады. Жеке және заңды тұлғалармен келісімшарттар, мәмілелер жасайды. Өз қызыретіндегі мәселелер бойынша барлық қызметкерлер үшін міндетті өкімдер мен бұйрықтар шығарады.

Ұйымды мемлекеттік органдарда, ұйымдарда және сотта білдіреді. Медициналық этиканың, ішкі еңбек тәртібі талаптарының, аспаптарды, жабдықтар мен механизмдерді техникалық пайдаланудың орындалуын, өртке қарсы қауіпсіздік пен қауіпсіздік техникасының, санитариялық-эпидемиологиялық режимнің сақталуын қамтамасыз етеді. Ұйымның уақытылы есептілігін қамтамасыз етеді.

Білуі керек:

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы, Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Өкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексі, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңы, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңы; қазіргі заманғы басқару қызметінің стратегиялық және ұйымдастырушылық аспектілері;

денсаулық сақтау ұйымдарының жоспарлық-экономикалық және қаржылық қызметінің негіздері;

басқарудың экономикалық әдістері және ұйым қызметін талдау;

медициналық қызметтер нарығының конъюнктурасы;

денсаулық сақтаудағы адам ресурстарын басқарудағы үздік тәжірибелер;

халық денсаулығының жай-күйін сипаттайтын статистиканы, өлшемшарттар мен көрсеткіштері;

отандық медициналық заманауи ғылыми жетістіктері; денсаулық сақтауды басқарудағы үздік халықаралық тәжірибе;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитариялық және өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары мен нормалары;

төтенше жағдайлар кезінде қызметті ұйымдастыру;

Біліктілікке қойылатын талаптар:

Аудандық және қағалық маңызы бар денсаулық сақтау ұйымының басшысы (директор немесе бас дәрігер):

- «Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша жоғары білім және «Қоғамдық денсаулық сақтау», «Денсаулық сақтау менеджменті» мамандығы бойынша қайта дайындық туралы куәлік және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілік санаттарын беру туралы куәліктер; немесе «Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша жоғары білім және (немесе) «Бизнес, басқару және құқық»; немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру «Денсаулық сақтау» және (немесе) «Бизнес және құқық» дайындық бағыты бойынша; немесе MBA executive немесе full time дәрежесі денсаулық сақтау саласындағы менеджер сертификатның болуы, денсаулық сақтау саласындағы басшылық лауазымдардағы жұмыс отілі кемінде 2 жыл; медициналық қызметті (дәрігерлік практиканы) жүзеге асыру үшін - кәсіби құзыреттерінің болуы: дәрігердің біліктілігіне (бейні бойынша) бірінші (жоғары) біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкестігі, клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификаты.

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ «МАКАТСКАЯ РАЙОННАЯ БОЛЬНИЦА УПРАВЛЕНИЯ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ» ОБЪЯВЛЯЕТ КОНКУРС НА ВАКАНТНОЙ ДОЛЖНОСТИ ДИРЕКТОРА

Для участия в Конкурсе кандидаты представляют в районную больницу следующие документы:

- Фото 1 шт. 3х4
- Удостоверение личности (копия)
- Диплом, свид. об оконч. интернатуры (копия)
- Сертификат специалиста (копия)
- Справка о не судимости,
- Справка о наркологии и психдиспансера.
- Медицинская справка + сан.книжка
- Личный листок
- Автобиография
- Военный билет или приписной
- Файловый сканер/сканер 40 лист.

Документы принимаются с даты размещения данного сообщения и до 18.00 час 6 апреля 2026 года по адресу: Атырауская область, Мақатский район, поселок Мақат, Егемен 27, 2 этаж, каб. № 86.

Телефоны для получения более подробной информации о конкурсе: 8/71239/3-10-98.

Должностные обязанности:

Руководит производственной, финансово-хозяйственной деятельностью организации здравоохранения, несет ответственность за принимаемые управленческие решения, сохранность и эффективное использование имущества организации, а также за результаты финансово-хозяйственной деятельности.

Определяет политику, стратегию деятельности организации и механизм ее реализации. Обеспечивает внедрение новых и совершенствование существующих организационных форм и методов работы персонала, направленного на дальнейшее повышение эффективности и качества оказываемой диагностической, лечебной и профилактической помощи, повышение качества и конкурентоспособности оказываемых услуг.

Обеспечивает эффективное взаимодействие структурных подразделений организации, направляет их действия на развитие и совершенствование оказываемых медицинских услуг.

Несет персональную ответственность за соблюдение антикоррупционного законодательства, и принятию мер по недопущению проявления коррупции со своей стороны и подчиненных ему лиц.

Принимает меры по обеспечению организации квалифицированными кадрами, рациональному использованию их профессиональных знаний и опыта, созданию безопасных для жизни и здоровья условий труда, формированию благоприятной психологической атмосферы в коллективе. На основе анализа деятельности организации и оценки показателей его работы принимает необходимые меры по улучшению форм и методов работы организации. Обеспечивает на основе принципов социального партнерства разработку, заключение и выполнение коллективного договора, соблюдение трудовой дисциплины, способствует развитию трудовой мотивации, инициативы и активности работников.

Координирует работу по изучению и оценке санитарно-эпидемиологических ситуаций, определяет приоритетные факторы неблагоприятного воздействия на здоровье человека. Принимает действенные меры по улучшению санитарно-эпидемиологической ситуации.

Организует оперативный и лабораторно-инструментальный контроль и надзор за проведением гигиенических и противоэпидемиологических мероприятий, за соблюдением санитарных правил и норм и гигиенических нормативов.

Обеспечивает соблюдение требований медицинской этики, законности в деятельности организации, в том числе в вопросах финансово-хозяйственного управления, укрепления

договорной и финансовой дисциплины, регулирования социально-трудовых отношений.

Осуществляет прием и увольнение работников. Заключает договора, совершает сделки с физическими и юридическими лицами. Издает по вопросам своей компетенции распоряжения и приказы, обязательные для всех работников.

Представляет организацию в государственных органах, организациях и суде. Обеспечивает выполнение медицинской этики, требований внутреннего трудового распорядка, технической эксплуатации приборов, оборудования и механизмов, соблюдение противопожарной безопасности, безопасности и охраны труда, санитарно-эпидемиологического режима. Обеспечивает своевременную отчетность организации.

Должен знать:

Конституцию Республики Казахстан от 30 августа 1995 года, Гражданский кодекс Республики Казахстан от 27 декабря 1994 года, Трудовой кодекс Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года, Кодекс Республики Казахстан от 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения», Кодекс Республики Казахстан от 5 июля 2014 года «Об административных правонарушениях», Закон Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках», Закон Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года «О противодействии коррупции», Закон Республики Казахстан от 11 июля 1997 года «О языках в Республике Казахстан»;

стратегические и организационные аспекты современной управленческой деятельности; основы планово-экономической и финансовой деятельности организаций здравоохранения;

экономические методы управления и анализ деятельности организации;

конъюнктуру рынка медицинских услуг;

лучшие практики в управлении человеческими ресурсами в здравоохранении;

статистику, критерии и показатели, характеризующие состояние здоровья населения;

современные научные достижения отечественной медицины, лучший международный опыт в управлении здравоохранением;

правила и нормы по безопасности и охране труда, производственной санитарии и противопожарной безопасности;

организацию деятельности в условиях чрезвычайных ситуаций.

Требования к квалификации:

Для руководителя организации здравоохранения районного и городского значения (директора или главного врача):

высшее образование по направлению подготовки «Здравоохранение», свидетельство о прохождении сертификационного курса (переподготовки) по специальности, «Менеджмент здравоохранения» («Общественное здравоохранение») и (или) свидетельства о присвоении квалификации по соответствующей специальности или высшее образование по направлению подготовки «Здравоохранение» и (или) «Бизнес, управление и право» или послевузовское образование по направлению подготовки «Здравоохранение» и (или) «Бизнес и право» или степень MBA executive или full time, сертификат менеджера в области здравоохранения, стаж работы на руководящих должностях в области здравоохранения не менее 2 лет;

для осуществления медицинской деятельности (врачебной практики) - наличие профессиональных компетенций: соответствие общим требованиям к квалификации врача (по профилю) первой (высшей) квалификационной категории, сертификат специалиста для допуска к клинической практике.


Редакция облыстық «Атырау» және «Прикаспийская коммуна» газеттеріне, сонымен қатар 7 аудандық «Кен Жылой», «Қызылқоға», «Дендер», «Серпер», «Нарын таңы», «Жайық шұғыласы», «Мақат тынысы» газеттеріне жарнама қабылдаймыз.

**Жарнама қабылдау телефондары
3-07-66, +7 778 482 17 55**

Қаперге!

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАҢЫЗ!

Тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі – бұл тек ережелер жиынтығы емес, сіздің және жақындарыңыздың амандығының кепілі. Өрттің алдын алу оны сөндіруден әлдеқайда оңай.



Коллаж авторы: Г. ЖАНСУЛТАН

Төменде күнделікті өмірде есте сақтау қажет негізгі қауіпсіздік шаралары берілген.

ЭЛЕКТР ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ

- Электр желісіне түсетін салмақ — тұрмыстық өрттердің ең көп тараған себебі.
- Шамадан тыс жүктеме: Бір розеткаға бірнеше қуатты құрылғыны (шайнек, үтік, жылытқыш) бірден қоспаңыз;
- Қараусыз қалдырмаңыз: Қосулы тұрған үтікті, плитаны немесе за-

рядтау құрылғысын қараусыз қалдырып кетпеңіз;

- Ақаулы сымдар: Оқшаулаушы зақымдалған немесе ұшықпайтын розеткаларды дереу жөндеңіз;

АС ҮЙДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК

- Майдың жануы: Егер табадағы май жанса, оған ешқашан су құймаңыз! Табаның бетін қақпақпен жауып, плитаны өшіріңіз;
- Маталар: Орамалдарды, перделерді және қағаз қаптамааларды оттан алыс ұстаңыз;
- Газ: Газдың иісін сезсеңіз,

жарықты қоспаңыз, сіріңке жақпаңыз және терезені дереу ашып, авариялық қызметке хабарласыңыз;

БАЛАЛАР ЖӘНЕ ОТ

- Сіріңке мен оттықтарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз;
- Балааларға отпен ойнаудың зардабы туралы үнемі түсіндіріп отырыңыз;
- Оларды үйде жалғыз қалдырғанда, қауіпті құрылғыларды тоқтан ажыратыңыз;

ӨРТ ШЫҚҚАН ЖАҒДАЙДАҒЫ ІС-ҚИМЫА АЛГОРИТМІ:

- Дерек хабарлау: «101» немесе «112» нөміріне қоңырау шалыңыз;
- Эвакуация: Түтін басқан бөлмеде еңбектеп қозғалыңыз (төменде оттегі көбірек);
- Ауыз бен мұрынды жабу: Ылғал шүберек арқылы дем алыңыз;
- Лифт: Өрт кезінде лифтіні пайдалануға қатаң тыйым салынады;
- Маңызды кеңес: Үйіңізге түтін детекторын (датчик) орнатуды және шағын өртсөндіргіш сатып алуы қарастырыңыз. Бұл қарапайым заттар алғашқы секундтарда өміріңізді сақтап қалуы мүмкін.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі